

## **Түпқараған ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 222 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 қарашада № 30647 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Түпқараған ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Түпқараған ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Түпқараған аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Түпқараған ауданының әкімі*

*Р. Елтизаров*

Түпқараған ауданының әкімдігінің

2022 жылғы 21 қарашадағы

№ 222 қаулысына қосымша

## **Түпқараған ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі**

1. Түпқараған ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 237 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3223 болып тіркелген).

2. Түпқараған ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 94 "Түпқараған ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 237 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4479 болып тіркелген).

3. Түпқараған ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 236 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3225 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК